



**БЕКІТІЛДІ:**

«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай-бақшасының  
директоры:                      А.Е.Баянова  
Күні: «28» 08, 2023 ж.

## **«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы Қамқоршылық кеңес құрудың ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Осы Ереже «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы» жанындағы Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, жұмыс тәртібін және жауапкершілігін айқындайды.
- 1.2. Қамқоршылық кеңес – «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы» қызметіне қоғамдық қолдау көрсету, материалдық техникалық базасын нығайтуға, тәрбие мен білім беру сапасын арттыруға ықпал ету және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында құрылатын алқалы қоғамдық орган.
- 1.3. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес және Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын негізге ала отырып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілері басты назарға алынады және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- 1.4. Кеңес заңды тұлға болып табылмайды, әкімшілік басқару функцияларын атқармайды.
- 1.5. Кеңес қызметі еріктілік, ашықтық, алқалылық, жариялылық және заңдылық принциптеріне негізделеді.
- 1.6. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

### **2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты**

- 2.1. Балабақшада сапалы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал ету.
- 2.2. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға қолдау көрсету.
- 2.3. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға жәрдемдесу.
- 2.4. Тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға қатысу.
- 2.5. Ата-аналар, педагогтар және қоғам арасындағы серіктестікті дамыту.
- 2.6. Білім беру ұйымының ашықтығын және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.

### **3. Қамқоршылық кеңестің міндеттері**

- 3.1. Балабақшаның даму стратегиясына қатысты ұсыныстар әзірлеу.
- 3.2. Оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар енгізу.
- 3.3. Қайырымдылық және демеушілік көмекті ұйымдастыруға жәрдемдесу.

- 3.4. Балабақшаға қажетті материалдық-техникалық ресурстарды анықтауға қатысу.
- 3.5. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- 3.6. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар беру.
- 3.7. Мерекелік, тәрбиелік және әлеуметтік іс-шараларды қолдау.
- 3.8. Балабақша ұжымымен бірлесіп әлеуметтік жобаларды іске асыру.
- 3.9. Қоғамдық бақылау жасау (қаржыға араласпай, тек ашықтықты қадағалау деңгейінде).

#### **4. Қамқоршылық кеңестің құрамы және оны құру тәртібі**

- 4.1. Кеңес құрамы
  - \* ата-аналар өкілдері
  - \* педагогтар
  - \* жергілікті қоғам өкілдері
  - \* демеушілер (қажет болған жағдайда) кіреді.
- 4.2. Кеңес мүшелері жалпы ата-аналар жиналысында ашық дауыс беру арқылы сайланады.
- 4.3. Кеңес құрамы балабақша қажеттілігіне қарай 7-9 адамнан тұрады.
- 4.4. Кеңес құрамынан:
  - \* Төраға
  - \* Төраға орынбасары
  - \* Хатшы
  - \* Мүшелер тағайындалады.
- 4.5. Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі – 1 жылдан 3 жылға дейін.
- 4.6. Кеңес мүшесі өз еркімен шығуға немесе ауыстырылуға құқылы.

#### **5. Қамқоршылық кеңестің жұмыс тәртібі**

- 5.1. Кеңес отырыстары жоспарлы және кезектен тыс өткізіледі.
- 5.2. Жоспарлы отырыстар тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі.
- 5.3. Кезектен тыс отырыстар:
  - \* балабақша әкімшілігінің ұсынысы бойынша
  - \* немесе Кеңес мүшелерінің кемінде 1/3 бастамасымен шақырылады.
- 5.4. Отырыстар, егер мүшелердің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, заңды болып есептеледі.
- 5.5. Шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады.
- 5.6. Кеңес отырысының хаттамасы міндетті түрде жүргізіледі.
- 5.7. Хаттамалар нөмірленіп, арнайы журналда сақталады.

#### **6. Кеңес төрағасының міндеттері**

- 6.1. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және басқару.
- 6.2. Отырыстарды шақыру және өткізу.
- 6.3. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау.
- 6.4. Балабақша әкімшілігімен байланыс орнату.
- 6.5. Кеңес атынан ресми ұсыныстар енгізу.

## **7. Кеңес хатшысының міндеттері**

- 7.1. Кеңес отырыстарының хаттамасын жүргізу.
- 7.2. Құжаттарды сақтау және тіркеу.
- 7.3. Отырыстар туралы хабарламаларды тарату.
- 7.4. Кеңес шешімдерін рәсімдеу.

## **8. Кеңестің құқықтары**

- 8.1. Балабақша әкімшілігіне ұсыныстар енгізу.
- 8.2. Балабақша қызметі туралы жалпы ақпарат алу.
- 8.3. Ата-аналармен жиналыстар өткізуге қатысу.
- 8.4. Қайырымдылық және демеушілік жобаларға бастамашылық жасау.
- 8.5. Балабақша дамуына қатысты мәселелерді талқылау.

## **9. Кеңестің жауапкершілігі**

- 9.1. Кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.
- 9.2. Кеңес мүшелері өз өкілеттігін адал және жауапкершілікпен атқаруы тиіс.
- 9.3. Кеңес шешімдері заңға қайшы болмауы керек.
- 9.4. Қаржылық басқару функцияларын атқаруға құқығы жоқ.

## **10. Қаржылық және материалдық қолдау тәртібі**

- 10.1. Қайырымдылық көмектер ерікті түрде қабылданады.
- 10.2. Барлық демеушілік көмек тіркеуге алынады.
- 10.3. Қаражаттың мақсатты жұмсалуды ашық түрде қарастырылады.
- 10.4. Кеңес қаржыны тікелей басқармайды, тек қоғамдық бақылау және ұсыныс береді.
- 10.5. Барлық есептілік жыл соңында ата-аналарға таныстырылады.

## **11. Қоғамдық бақылау және ашықтық**

- 11.1. Кеңес балабақшадағы ашықтық принципінің сақталуын қадағалайды.
- 11.2. Балабақша әкімшілігі кеңеске қажетті ақпаратты ұсынуға міндетті.
- 11.3. Ата-аналарға ақпарат беру жүйелі түрде жүргізіледі.

## **12. Іс жүргізу тәртібі**

- 12.1. Барлық шешімдер хаттамамен рәсімделеді.
- 12.2. Құжаттар балабақшада сақталады.
- 12.3. Кеңес құжаттары құпиялылық талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

## **13. Қорытынды ережелер**

- 13.1. Осы Ереже балабақша меңгерушісінің бұйрығымен бекітіледі.
- 13.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Кеңес шешімімен енгізіледі.
- 13.3. Ереже балабақша қызметінде міндетті түрде қолданылады.